

**«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс
жалпы жиналысының №3/2021
ХАТТАМАСЫ**

Нұр-Сұлтан қ.

2021 жылғы 25 қараша

Толық атауы: «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы.

Атқарушы органның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай.

Акционерлердің жалпы жиналысы өткен орын: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай, 200-кабинет.

Акционерлерді тіркеуді бастау - 10 сағат 00 минут.

Акционерлерді тіркеуді аяқтау - 13 сағат 00 минут.

Акционерлер жалпы жиналысының ашылу уақыты - 15 сағат 00 минут.

Акционерлер жалпы жиналысының жабылу уақыты - 16 сағат 10 минут.

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылғы 27 қыркүйектегі №8/2021 отырыс хаттамасы) келесі күн тәртібімен шақырылды:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директорларына олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшерлері мен шарттарын айқындау туралы.

Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын (бұдан әрі – Жиналыс) өткізу туралы ақпарат 2021 жылғы 27 қыркүйекте «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ интернет-ресурсында, сондай-ақ Қоғамның интернет-ресурсында жарияланды.

Қоғам Жарғысының 9-бабы 39-тармағына сәйкес Қоғамның корпоративтік хатшысы А.М. Шманов Жиналыстың хатшысы болып табылады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабында қарастырылған функцияларды жүзеге асыратын есеп комиссиясы Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының



2019 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен (№1/2019 хаттама) және Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының 2020 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (№1/2020 хаттама) сайланған.

Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) Д.Ғ. Досанов Қоғамның есеп комиссиясының төрағасы Б.Е. Марабаеваға сөз берді.

Б.Е. Марабаева «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ ұсынған Қоғам акционерлерінің тізіміне сәйкес 2021 жылғы 11 қарашадағы жағдай бойынша Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы саны 384 089 847 (үш жүз сексен төрт миллион сексен тоғыз мың сегіз жүз қырық жеті) дананы құрайтынын хабарлады.

Есеп комиссиясы ұсынған деректер бойынша акционерлерді тіркеу аяқталған кезде Жиналысқа қатысу үшін жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акциялары жалпы санының 90,12%-ін құрайтын 346 172 040 (үш жүз қырық алты миллион бір жүз жетпіс екі мың қырық) дауыс беретін акцияларды иеленетін 1 акционердің («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ) өкілі тіркелді.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабы 1-тармағы негізінде егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық бюллетеньді ұсыну күні не бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Жиналысты өткізу және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру үшін кворум бар.

Қатысып отырған акционердің өкілі тіркелді және оның өкілеттігі тиісті түрде тексерілді. Акционердің өкіліне тіркеу кезінде күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар, дауыс беру үшін бюллетеньдер берілді және Жиналыста акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелері мен дауыс беру тәртібі түсіндірілді.

Д.Ғ. Досанов акционердің өкіліне Жиналыстың күн тәртібін өзгерту және толықтыру бойынша ұсыныстардың жоқ екендігін хабарлады.

Д.Ғ. Досанов Жиналысты өткізу үшін дауыс берудің ашық нысанын белгілеуге ұсыныс жасады.

Ұсыныс «бір акционер – бір дауыс» қағидаты бойынша дауыс беруге қойылды.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 1 акционер

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Шешім «бір акционер – бір дауыс» қағидаты бойынша жай көпшілік дауыспен қабылданды:

Жиналыстың күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс берудің ашық нысаны белгіленсін.

Д.Ғ. Досанов Жиналыстың төрағасы ретінде Марлен Армияұлы Оразбековті сайлауды ұсынды.

Осы мәселе дауыс беруге қойылды.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 346 172 040 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:

Жиналыстың төрағасы болып Марлен Армияұлы Оразбеков сайлансын.

Бұдан әрі М.А. Оразбеков Жиналыс жүргізу регламентін жариялап, келесі күн тәртібін дауыс беруге шығарды:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директорларына олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшерлері мен шарттарын айқындау туралы.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 346 172 040 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен

қабылданды:

Жиналыстың келесі күн тәртібі бекітілсін:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату.
2. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы.
3. «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директорларына олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшерлері мен шарттарын айқындау туралы.

Күн тәртібінің **бірінші мәселесі бойынша** М.А. Оразбеков Қоғамның корпоративтік хатшысы А.М. Шмановқа сөз берді.

А.М. Шманов Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының 2019 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы 3 (үш) жыл өкілеттіктер мерзімімен 6 (алты) адам санында айқындалғанын, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, соның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасы сайланғандығын хабарлады.

Қазіргі уақытта Қоғамның Директорлар кеңесінің 6 мүшесінің ішіндегі Директорлар кеңесінің 4 мүшесі ғана өз өкілеттіктерін жүзеге асыруда. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Н.Н. Шмановтың және А.А. Мұқашевтың өкілеттіктері олардың бастамасы бойынша (тиісінше 2020 жылғы 13 наурызда және 2021 жылғы 28 қазанда) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабы 4-тармақшасына және Қоғам Жарғысының 11-бабы 16-тармағына сай Директорлар кеңесіне тиісті жазбаша хабарлама негізінде тоқтатылды.

2022 жылғы 27 қаңтарда Қоғамның Директорлар кеңесі өкілеттігінің үш жылдық мерзімі аяқталуын назарға ала отырып, Қоғамның Директорлар кеңесінің қазіргі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату орынды болып табылады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселе Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

М.А. Оразбеков Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселені дауыс беруге шығарды.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 346 172 040 дауыс

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша М.А. Оразбеков Қоғамның корпоративтік хатшысы А.М. Шмановқа сөз берді.

А.М. Шманов Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылғанын хабарлады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабы 5-тармағына және Қоғам Жарғысының 11-бабы 11-тармағына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрауға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз проценті тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің шешімімен (2021 жылғы 11 қарашадағы №7/2021-ККиВ отырыс хаттамасы) 3 (үш) жылдық өкілеттік мерзіммен 6 (алты) адамнан тұратын Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамын мақұлдау және Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелігіне келесі кандидаттардың тізімін қалыптастыру ұсынылды:

Берлібаев Данияр Әмірбайұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі;

Оразбеков Марлен Армияұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі;

Досанов Димаш Ғабитұлы – Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы);

тәуелсіз директорлар ретінде:

Агостини Винишиус Алвес;

Мартинес Лопес Альберто;

Фрейсине Адриан.

Қоғамның Директорлар кеңесі (2021 жылғы 12 қарашадағы №10/2021 отырыс хаттамасы) Қоғамның Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті берген ұсынымдарды мақұлдады.

Сонымен қатар, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде Д.Ә. Берлібаевты сайлауды ұсынды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабы 3-тармағына сәйкес Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат

сайлауға түсетін жағдайды қоспағанда, акционерлер директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады.

Қоғамның Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға түсетінін ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесіне мүшелерді сайлау бойынша дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылды.

М.А. Оразбеков Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы мәселені дауыс беруге қойды.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 346 172 040 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы 3 (үш) жылдық өкілеттік мерзіммен 6 (алты) адам санында айқындалсын.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері болып сайлансын:

- 1) Берлібаев Данияр Әмірбайұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі;
- 2) Оразбеков Марлен Армияұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі;
- 3) Досанов Димаш Ғабитұлы – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы);
- 4) Агостини Винишиус Алвес – тәуелсіз директор;
- 5) Мартинес Лопес Альберто – тәуелсіз директор;
- 6) Фрейсин Адриан – тәуелсіз директор.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып Данияр Әмірбайұлы Берлібаев сайлансын.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша М.А. Оразбеков Қоғамның корпоративтік хатшысы А.М. Шмановқа сөз берді.

А.М. Шманов «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататынын хабарлады.

Қоғам Жарғысының 11-бабы 3-тармағының 30) тармақшасына сәйкес Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттары бойынша ұсынымдарды дайындау Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылғы 15 қазандағы №9/2021 отырыс хаттамасы) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның тәуелсіз директорларына жылдық белгіленген сыйақы мөлшерін – салықтар мен басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін 80 000 (сексен мың) АҚШ доллары, Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің әрбір бас қосқан отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы мөлшерін - салықтар мен басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін 1000 (бір мың) АҚШ доллары деп айқындау ұсынылды. Қоғамның тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу шарттарын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының шешімімен (2011 жылғы 14 сәуірдегі №55 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлік қоғамдарының тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларына сәйкес айқындау ұсынылды.

М.А. Оразбеков «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директорларына олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау туралы мәселені дауыс беруге қойды.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 346 172 040 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:

1. Белгіленсін:

1) «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директорларына олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін келесі сыйақы мөлшерлері:

жылдық тіркелген сыйақы – салықтарды және өзге де міндетті төлемдерді ұстап қалғаннан кейін 80 000 (сексен мың) АҚШ доллары;

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің әрбір бас қосқан отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы - салықтарды және өзге де міндетті төлемдерді ұстап қалғаннан кейін 1000 (бір мың) АҚШ доллары;

2) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының шешімімен (2011 жылғы 14 сәуірдегі №55 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу шарттары.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Д.Ә. Берлібаев «ҚазТрансОйл» АҚ-тың тәуелсіз директорларымен тиісті шарттарға қол қойсын.

Жиналыс төрағасы

М. Оразбеков

Жиналыс хатшысы

А. Шманов

**Есеп комиссиясының
төрағасы**

Б. Марабаева



Есеп комиссиясының мүшелері:

С. Бидайбекова

С. Қожахметов

Д. Мұханбетжанова

З. Нұрсейітова

Д. Нүсіпжанова

Ж. Тапаева

М. Темірбаева

С. Тукупов